

A woman wearing a white headscarf and a black vest with white floral embroidery is pouring tea from a large brass samovar into a small, patterned cup. The background features a red and gold patterned curtain and a light-colored wall with a subtle floral motif.

ЖАҚСЫ КЕЛІН
атану үшін...

«Қазактын үлгілі келіні»





*Жүректе болса нұрлы үміт,
Жарасым тапса бір қылық.
"Пәленнің келіні сондай" деп,
Ел мен жұрт жүрсе үлгі ғып.*

Сайыстар түрлері:

- 1) «Мен келінімін қазақтың» (таныстыру, қай руға келін болып барғаны,өзі қай рудан шыққанын айта кету)
- 2) «Кім неге бейім?» (келіндер өз өнерлерін паш ету)
- 3) «Кім жылдам?» (берілген уақыт ішінде қамыр жаю)
- 4) «Ас адамның арқауы» (ас мәзірін даярлау)
- 5) «Салт дәстүрді білесіңбе?» (бесіктің шығу тарихы, сәбиді бөлеу,бесік құралдары)
- 6) «Он саусағынан өнер тамған» (шаш өруден жарысу)
- 7) «Сұрақ – жауап»



Жақсы келін кұрдасындай болар,
Жақсы ұлың сырласыңдай болар.

Келіні жақсы үйдің керегесі алтын.

Армысыз әділ қазы, көрермендер,
Баға беріп, еңбегі еленгендер.
Шығарып жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар,
Халықтың құрметіне бөленгендер.
Ізетпен бүгін сәлем беріп тұрмын,
Достардың қолдауына сеніп тұрмын.
Келіндер сайысында сынға түсіп,
Қаймықпай, белді буып, келіп тұрмын.
Мен үшін өмірлік жар-бағым еді,
Жүректе сезім отын жағып еді.
Нұрланқызы Арумын, руым-адай,
Келін боп түскен жерім-табын елі.
Білім іздеп қатардан қалмағанмын,
Арман қуып, биікке самғағанмын.
Бәйішев атындағы оқу орнын,
Эколог болу үшін таңдағанмын.
Әулеттің еркелеген сүйіктісі,
Санаған отбасының ұйытқысы.
Келіндердің әдебі, сыйластығы,
Қазақы тәрбиенің биік тұсы.
Жолатпай жандарына жат қылықты,
Құрбылар, үкілеген тәтті үмітті.
Жеңіске жету үшін баршаңызға,
Тілеймі жұлде мене сәттілікті!













Мың өліп, мың тірілген қазақтың сарқынымын,
Таусылмайтын мендегі жарқын ұғым.
Аллам қалап аруақтың демеуімен,
Бәйшев университетінің шәкіртімін.
Азамат боп үзенгіге салған аяқ,
Қуанып ем қарамонке аталғанда ақ.
Қуандым руымның жырын жазып,
Қалмашы арман үзіліп, жалғанбай-ақ.
Қабыл ал табындардың біреуімін,
Лүпілін тыңда міне жүрегімнің.
Мөлдірдей қыздарыңның мәртебесін,
Асқақтатып көтеріп тілегейсің.
Өмірдің мың бұралған жолы қалың,
Сәт сайын сонысына жолығамын.
Келіндер сайысына қатысып мен,
Кедеғұл келіні, Жәкен қызы мен боламын.













Армысыздар өнер сүйер халайық,
Кеуделерге жырдан алқа тағайық.
Есендесу салты еді ғой халқымның,
Алдыменен амандасып алайық.
Өнердің канат қақтық ортасына,
Заманның мынау жарқын арқасында.
Қара қылды қақ жарып бүгінгі күн,
Сәлем бердім әділ қазы алқасына.
Сайысқа келген бүгін сыңайым бар,
Әділ қазы айтар сөзді тағайындар.
Келіндер сайысына келіп тұрмын,
Сәлем сізге жасы үлкен ағайындар.
Сәулесі бар Наурызда таңғы үміттің,
Басын қосқан сан адам сан ғұрыптың.
Аналар мерекесін паш етейік,
Белгісін достықпенен мәңгіліктің.
Туған жерім Қобданың Егіндібұлағы,
Егіндінің құнды маған әр бұлағы.
Туған жерім, тұғырым, ұлы далам,
Бораны да қақаған жылы маған.

Әкем Нұрлан салмақты, ардақты жан,
Анам Света ұстаз аяулы жан.
Артымнан ерген інім Айсұлтан бар,
Бақытты да баяеды отбасым бар.
Үш ұйықтасам ойымда болған емес,
Кенгияққа келін болам деген елес.
Қыз бала жат жұрттыққа жаралған деп,
Бұрынғылар бекерге айтқан емес.
Өз руым Шақаның кетесімін,
Енді міне Байұлына келін болдым.
Азамат атты жолдасым бар сабырлы,
Қызымыз бар Аружан деген әдемі.
Ал сайысқа түсейік құрбыларым,
Бар өнерді салыңдар қалыспағын.
Бүгінгі келіндер сайсында,
Бәріңе сәтті қадам мен тілеймін.













Ақ сәлем сыйластықтың дара шамы,
Армысың елім жарқын болашақты.
Иіліп сәлем беру инабатпен,
Қазақтың келініне жарасады.
Таныстыру баяғы ата салтым,
Атым Мадина болады сұрасаңыз.
Руым Әлімнің Шүренімін,
Нұрмұхан екен кешегі бір атамыз,
Әкем аты Базарғали асқар таулы.
Пана болып біздерге жүз жасаңыз,
Анашым асылым ақ маржаным
Жүзінен төгілген күн нұры.
Атыңа кір келтірмей өтсем сенің,
Мойынымнан түсер мекен перзент жүгі.
Жайдарлы Адай келінімін мен,
Барша жанды нұрлы еткен.
Үлгілі келін отбасынан,
Ата енемді әрқашан риза еткен.
Жолдасым Нұртас өмірлік серік еткен,
Батыр ұлым бар арманымнан үміт күткен.
Мен Мадина қазақтың үлгілі келінімін,
Салт дәстүрді бойыма тұмар еткен.











